

## Жұмыс істеген және жұмыссыз азаматтарды жерлеуге бір жолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

### ***Күшін жойған***

Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 29 мамырдағы № 468 қаулысы. Алматы облысының Қапшағай қаласының әділет басқармасында 2009 жылғы 10 маусымда № 2-2-85 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі N 256 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 15.04.2014 N 256 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабындағы, 1 тармақтың 14 тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жұмыс істеген және жұмыссыз азаматтарды жерлеуге бір жолғы әлеуметтік көмекті (бұдан әрі- бір жолғы әлеуметтік көмек) азаматтың қайтыс болған кезіндегі есептік көрсеткіштің 10 - еселеген мөлшерінде берілуі қамтамасыз етілсін.

2. Егер қайтыс болған адам, сол уақытта кез-келген меншіктегі кәсіпорындарда еңбектік қатынастарда тұрған болған болса, ал жұмыссыздар жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі бөлімдерде ресми түрде түркебуде тұрған жағдайлар болған кезден бастап, 3 ай мерзім ішінде отбасы мүшелерінің немесе жерлеуді ұйымдастыруды өзіне алған адамның өтініші бойынша берілуі белгіленсін.

3. «Қапшағай қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі отбасы мүшелерінің немесе жерлеуді ұйымдастыруды өзіне алған адамның әлеуметтік көмекті төлейтін мекемелердегі ашылған есеп шотының нөмірі көрсетілген (екінші деңгейдегі банк филиалы және осы операциялардың тұрлерін жүзеге асыратын рұқсаты бар басқада мекемелер) өтініші бойынша және келесі құжаттарды ұсынған жағдайда бір жолғы әлеуметтік көмектің тағайындалуын және төленуін қамтамасыз етсін:

1) өтініш иесінің жеке басының куәлігі, соның ішінде оралмандарға берілген ықтияр хат немесе оралмандар куәлігі, СТН (салық төлеушінің нөмірі), (көшірме ) ;

2) аумақтық әділет органдарымен берілген өлім туралы анықтама (түпнұсқа);  
3) еңбек қатынастарын растайтын құжат (еңбек кітапшасы, жұмыс істейтін

анықтама, келісім - шарт), (көшірме);

4) жұмыс статусын ресми түрде растайтын анықтама.

4. «Қапшағай қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қалалық бюджетте көзделеген қаржыландыру жоспарының міндеттемесіне және төлемнің қаржы шегіне сәйкес жұмыс істеген және жұмыссыз азаматтарды жерлеуге бір жолғы әлеуметтік көмекті қаржыландыру мәселелерін қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары I.C. Сүгіровке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

*H. Таубаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК